

## ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ: ОТАРЛАУ ЖӘНЕ ЭМАНСИПАЦИЯ

Ермек АДАЕВА\*

**Түйіндеме:** Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесі постотарлық феминизм тұрғысынан қарастырылады. Кеңес мемлекеті гендерлік компонентті отарлық үстемдіктің жұмыс істеуі мен заңдылығын қамтамасыз етудің негізі ретінде пайдаланғандығы талданады. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесін постотарлық феминизм тұрғысынан қарастыру оның тарихи, әлеуметтік және мәдени контекстегі орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл көзқарас қазақ әйелінің отарлық және постотарлық кезеңдердегі рөлін, Кеңес үкіметі жүргізген гендерлік саясаттың ықпалын және қазіргі заманғы феминистік дискурстағы орнын талдауға көмектеседі. Осы орайда мақалада қазақ әйелдерінің тәжірибесі жергілікті ерекшеліктер ескеріле отырып зерттеледі. Бұл тәсіл патриархат пен отаршылдықтың тоғысуын, олардың қазақ әйелінің әлеуметтік жағдайына әсерін, олардың болмысындағы өзгерістерді түсінуге септігін тигізеді және қазіргі қоғамдағы гендерлік теңдік мәселелерін тереңірек ашуға мүмкіндік беретіні сөз болады.

**Тірек сөздер:** қазақ әйелі, постколониализм, феминизм, гендерлік теңдік, кеңес үкіметі, дискурс, азат ету.

### Kazakh Woman: Colonization and Emancipation

**Abstract:** This article examines the portrayal of women in Kazakh literature from the perspective of postcolonial feminism. It analyzes how the Soviet state utilized the gender component as a foundation for maintaining the functioning and legitimacy of colonial dominance. Viewing the image of women in Kazakh literature through the lens of postcolonial feminism allows for a deeper understanding of their historical, social, and cultural context. This perspective helps to explore the role of Kazakh women during the colonial and postcolonial periods, the impact of Soviet gender policies, and their place in contemporary feminist discourse. In this regard, the article examines Kazakh women's experiences while considering local specificities. This approach sheds light on the intersection of patriarchy and colonialism, their influence on Kazakh women's social status, and their transformations in identity. Furthermore, it highlights how this perspective contributes to a deeper understanding of gender equality issues in modern society.

**Key Words:** Kazakh woman, postcolonialism, feminism, gender equality, Soviet government, discourse, emancipation.

### Кіріспе

XVIII ғасырдан бастау алып, қазақ даласында XX ғасыр аяғына дейін ықпал етіп келген Ресей отарлау саясаты қазақ әйелінің болмысына өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Кеңес мемлекеті құрылған сәттен бастап «ұлттық мәселені» және әйелдер мәселесін шешу керектігін күн тәртібіне қойды. Әйелдерді азат ету мақсатында арнайы ұйымдар – әйелдер бөлімдері, әйелдердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі комиссиялар құрылды. Олар әйелдерді жаңа елді құру ісіне жұмылдыруға бағытталды. Сонымен қатар билік «ғасырлар бойы құлдықта болып келген Шығыс әйелі Кеңес үкіметінің арқасында ғана толыққанды кеңес азаматына айналды, Қазан төңкерісі шығыстық әйел үшін жаңа өмірдің бастауы болды» деген көзқарасты насихаттады. Шығыс әйелін «азат ету» міндеті империялық билік жүргізу логикасымен үйлесім тапты. Өйткені жоғарыда аталған комиссиялар орталық үкімет тарапынан құрылды, әйелдерге қатысты барлық шешімдер орталықтандырылған түрде қабылданды. Сондықтан аталған комиссиялар қызметі екі түрлі сипатта болды. Бір жағынан отаршыл үстемдікті нығайтса, екінші жағынан жергілікті бастамаларды ояту, әйелдерді азат етуге бағытталды. Алайда бұл жобада әйелдер тек реформалар жүргізілетін объект ретінде қарастырылды. Сонымен қатар «Орта Азия мен Қазақстандағы әйелдер орталық Ресейдегі әйелдерге қарағанда көбірек езгіге ұшырады, өйткені мұнда таптық және отбасылық тұрмыстық езгіге қоса, ұлттық езгі де қосылды» деп есептелді (Татыбекова, 1975:13). Осы орайда отаршыл жүйенің әйелдерге қатысты реформалары қалай жүзеге асты және бұл өзгерістер әйелдердің болмысына, жағдайына қалай ықпал етті деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарға жауап іздеу барысында «Бұрынғы империяның басқа аймақтарындағы «әйелдерді азат ету» мәселесіне арналған

\* Назарбаев Университеті, yermek.adayeva@nu.edu.kz

зерттеулердің аздығы ерекше көзге түседі»(Градскова, 2013:116). Кеңестік саясаттың отарлау жүйесі гендерлік мәселелер тұрғысынан өте аз қарастырылған. Сондықтан да қазіргі уақытта кеңестік гендерлік тәртіпті зерттеу аса өзекті болып табылады. Постколониялық зерттеулердегі КСРО-ға деген қызығушылықтың болмауы кеңестік мемлекеттік саясаттың ішкі қайшылықтарымен де байланысты. Кеңестік саясат құрамына кірген ұлттарды «мәдениеттендіру» мен ағартушылық шараларынан бастап, бұрынғы институттарды жою, тұтас халықтарды қоныс аудару сияқты әртүрлі әрекеттерді қамтыды.

«Кеңес Одағы империяға ұқсас болды, өйткені ол географиялық тұрғыдан кең аумақта саяси үстемдік жүргізіп, этникалық тұрғыдан әртүрлі халықтарға орталығы Мәскеуде орналасқан иерархиялық басқару құрылымын таңды. Алайда, бұл мемлекет көптеген жағынан басқа еуропалық империяларға ұқсамады: оның ең маңызды айырмашылығы – периферияны модернизациялау мен саяси мобилизацияға бағытталуы» (Adams, 2008:8).

Бұл мақалада кеңес одағының әйелдерге қатысты көзқарасына сын тұрғысынан қарап, отаршылдық мұрасының әйелдерге қалай әсер еткенін қарастырылады. Осы орайда «езілген, көмекке мұқтаж» қазақ әйелінің «азат» болып, мәдени ассимиляцияға, экономикалық қанауға(нәтижесіндегі ашаршылық), интерсекционалдылыққа ұшырағаннан кейінгі болмысының трансформациясын көрсетуге тырысамыз. Әрине, постколониялық феминизмнің бұдан басқа да толып жатқан зерттеу нысандары бар. Қалған мәселелердің барлығы осы негізгі бағыттар төңірегінде қарастырылады. Біз аталған мәселелерді зерттеу барысында гендерлік саясатты қарастырған заманауи академиялық еңбектерге сүйене отырып, талдау жасауға тырыстық. Олардың қатарына Э.Саид, Ю.Градскова, Г.Спивак, М.Тлостанова, А.Мұстопова тағы басқа ғалымдардың еңбектері кіреді.

Зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетіндегі әйел, ана тақырыбына жазылған шығармалар қарастырылады. Қазақ қоғамындағы әйел мәселесі, оны шешу жолындағы қазақ жазушыларының еңбектері, әдеби шығармалары гендерлік аспектіде талданады. Жұмыста ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әйел мәселесіндегі өзгерістер мен оның тарихи дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи-генетикалық әдіс қолданылады. Сондай-ақ, қазақ қоғамындағы гендерлік мәселелердің тарихи, саяси сипатын ашу үшін әр кезеңде жазылған көркем мәтіндерге гендерлік ұстаным тұрғысынан сапалық, талдау-жинақтау, салыстыру әдістері қолданылады.

Негізгі бөлім.

«Кеңес мемлекеті гендерлік компонентті отарлық үстемдіктің негізі ретінде пайдаланып, оны қызмет ету және заңдастыру құралы етті. Осыған сәйкес гендерлік тәртіп үшін күрес, атап айтқанда, «азат ету» (кеңестік саясат жағдайында) немесе дәстүрлі тәртіпті сақтау (кеңестік саясатқа қарсыласу жағдайында) отарлық процестерді бейнелейтін күрес болып табылады: ұлтты азат ету, ұлттың символы ретінде әйелді азат ету. Бұл гендер мен ұлттың жасанды байланысына негізделді»(Щурко, 2016:178).

Бұл саясатқа қазақ жазушылары да үн қосып, идеологияға сай келетін кейіпкерлер сомдауға мәжбүр болды. Екіншіден, Кеңес одағына кіретін мемлекет жазушыларының барлығын билік жүргізіп отырған үстем жұрт бағыт-бағдар беріп, социалистік реализмнен ауытқып кетпеуін қадағалап отырды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ прозасында әйел теңдігі тақырыбы ерекше орын алды. Сол кездегі қазақ қоғамындағы құндылықтарымыздың жойылуы, отаршылдық т.б өзгерістердің барлығы әдебиетте әйел бейнелері арқылы көрсетілді. Сол тұста саясатқа қоса, жоғарыда айтып кеткеніміздей дінді дұрыс түсіндіре алмаған дүмше молдалардың себебінен әйелдер дәрменсіз, мал беріп сатып алуға болатын зат секілді дәрежеге түсті. Жеке құқықтары аяққа тапталды. Осы тұста Мұхтар Әуезовтің

«Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы жарыққа шықты. Бұл мақалада жазылған Мұхтар Әуезовтің: «Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!» деген сөзі әлі күнге өзектілігін жойған жоқ.

Отарлау салдарынан қазақ елі жан-жақты, тек экономикалық емес, мәдени қысымға да ұшырады. Бұл мәселеге жергілікті мәдениет өкілдері қарсылық танытып, екі мәдениет арасындағы текетірес басталды. Текетірестің алғашқы белгілері ХХ ғасыр басындағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуымен байланысты болды. Бұл кезеңдегі ұлт зиялылары туралы сөз қозғағанда біз алдымен Алаш қозғалысы өкілдерін айтамыз. Осы орайда ориенталист Едвард У.Сайдтың: «әрбір еуропалық, ол Шығыс жөнінде не айтпақ болса да, қайткенде де, нәсілшіл, империалист және әрдайым дерлік этноцентрист болып шығады. Жалпы, адамзат қоғамдастықтарының (жоқ дегенде, әлдеқайда дамыған мәдениеттер қатарынан) «өзге» мәдениеттермен қарым-қатынас кезінде индивидке империализм, нәсілшілдік және этноцентризмнен басқа әлденені өте сирек жағдайда болса да ұсынуы мүмкін екенін еске түсірсек, бұл пікірдің өткірлігін біраз басуға болар еді» деген пікірі дәл біздің сол кездегі қоғамға сай келетінін айта кеткен жөн (Edward W. Said, 1979:394).

Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының алғашқы қарлығаштары – «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал» шығармаларының атауларының өзінен-ақ, олардың тақырыптық идеясы айқын аңғарылып тұр.

Қазақ әдебиетінде М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» (1910) туындысы алғашқы қазақ романы аталып жүр. Ал, С.Көбеевтің «Қалың мал» (1913), Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» (1915), М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні» (1921), Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» (1926), С.Сейфуллиннің «Айша» (1922, 1935) атты туындыларында сомдалған әйел кейіпкерлердің бәрі – бас бостандықтары, махаббат жолындағы азаттығы мен жеке бастарының бақыты үшін күресуші тұлғалар. Бұл кезеңдегі шығармаларға тән негізгі мотивтер – қыздардың алдын ала атастырылуы немесе байлық үшін өзіне тең емес адамға «сатылуы», әйелдердің осы жолда қарсылық жасау арқылы құрбан болуы.

Сонымен қатар аталған кезеңдегі әдебиеттегі басты міндеттердің бірі – социалистік құрылысты орнату жолындағы күрескер әйелдердің бейнесін сомдау болды. Бұл бағытта жазылған шығармалар қатарына Б.Майлиннің «Күлтай болыс» (1925), «Раушан – коммунист» (1923), С.Мұқановтың «Ботагөз» (1948) шығармаларын жатқызуға болады. Негізінен, бұл көркем туындылардағы әйел кейіпкерлер – кеңес өкіметінің арқасында білім алып, қоғамдық-әлеуметтік істерге белсене араласушы, жеке басының ғана емес, езілуші таптың мүддесі үшін әрекет ететін әйелдер. Бұл кезеңдегі қаламгерлерге тән ортақ нәрсе – қиындыққа қарсы тұра алатын, ерік-жігері мықты, саяси тұрғыда сауатты, жаңа сипаттағы коммунист белсенді әйелдер бейнесін көркем әдебиетте қалыптастыру. Бүгінгі деколониялық көзқарас тұрғысынан бұл шығармаларға түрлі баға беруге болады. Мысалы, еркіндікке, теңдікке ұмтылған Ботагөздің іс-әрекетін отаршылдыққа қарсы күрестің көрінісі ретінде қарастыруға болады.

Осы орайда Бейімбет Майлин де «Раушан–коммунисті» тегін жазған жоқ. Бұл кезеңдегі идеология бойынша кеңес әйелінің образын жасау керек болды. Яғни, қоғамда саясат өзгерген сайын әйел кейіпкердің де бейнесі өзгерді. Шығармада Б.Майлин Раушанның кеңес өкіметінің арқасында білім алып бақытқа жеткенін сипаттайды. Негізгі оқиға Раушан мен Бәкен арасында өтеді. Кеңес өкіметі орнаған соң ел ішіндегі әйелдерді өкімет ісіне тарту жайы қолға алынады. Еркек пен әйел арасында теңдікке байланысты түрлі жиындар өтеді. Сондай жиындардың бірінде Раушан көзге түсіп, ауылнай болып шыға келеді. Ауылнай болған соң мөр Раушан қолында. Ауылдың еркектері кейбір жалған құжаттарға Бәкен арқылы мөр бастырып алмақшы болады... Раушанның қызметін көре алмаған ауылдағы ерлер қауымы оған айтқанын істеткісі келеді, өз күйеуін өзіне айдап салады. Осындай жағдайлардан соң Бәкен мен Раушан

арасында ұрыс-керіс басталып, Бәкен үйден кетіп тынады. Бұндай тартыс, ерегес Раушанды шындайды. Раушан оқуға аттанып, орнына Бәкен ауылнай болады. Алайда ауылдастары оны да былыққа батырып, Бәкен абақтыға жөнелтіледі. Шығарма соңында Бәкен қателігін түсініп, оқудан қайтып келе жатқан Раушанмен кездеседі. 1918-1919 жылдар аралығында Алаш идеясын қолдаған оқыған азаматтың шығарманы бұлай жазуына себеп болған да сол кездегі идеологияның қысымы деп есептеуге болады.

Сонымен қатар «Раушан-коммунист» коммунистік режимді көрсетуге арналған көркем туынды ғана емес. Оның астарына тереңдей үңіле білген оқырман жазушының жасырын емеуінен бай-қай алады. Мұнда қазақ әйелінің ер-кіндікке ұмтылуы, өз абыройы мен беделін қорғау жолындағы талпынысы, қысқасы, қоғамдағы әйел адамдардың да өз орны бар екенін ашық та айқын суреттеген. Шығармаға Кеңес өкіметі насихаттаған «әйел теңдігі» арқау болғанымен, Б.Майлин ең алдымен Раушанды емес, ауылдың надан еркектерін сынаған. Сондай-ақ жазушының тағы да өз кезеңіндегі асыра сілтеу, кісіге жасалған қиянат, артық мінезді алдыға тартады. Бұл шығарма туралы қазақ әдебиетінде аз жазылған жоқ. Алайда әлі де талдап, таразылайтын тұстары жетерлік.

Жазушының сәл ертерек жазылған повесі «Шұғаның белгісі» мен «Раушан-коммунист» бір-біріне ұқсас туындылар. Алайда «Шұғаның белгісінде» Шұға Раушан тәрізді күрескер бейнесіне көтеріле алмаған. Бұл повесте Шұға сүйгені ұсталып кеткен соң, ішқұса болып өледі. Тіпті Әбдірахман да сүйгені үшін күреспейді. Тым тартыншақ, үркек. Ал «Раушан-коммунисте» Раушан да, Бәкен де жаңа заманды түсінген кейіпкерлер болып көрінеді.

Осы кезеңдегі ұлтымыздың тарихындағы отарлық биліктің қолдан ұйымдастырған нәубеті – ашаршылық жылдары туралы айтпай өтуге болмас. «Бұл ашаршылық егіннің нашар болуынан емес, «соғыс коммунизмі» саясатының, азық-түлікке салған қысымның салдарларынан туындады. 1920 жылдардың басында қазақстандағы аштықтан зардап шеккендер саны 2,3 миллион адамды құрады және 1 миллионға жуық адам аштық пен аурудан қайтыс болды»(Мұстопова, 2022:178).

Бұл тарихи оқиға қазақ ақын-жазушыларының назарынан тыс қалмады. Осы нәубет жылдар туралы жазылған шығармалардың бірі – Б.Майлиннің атақты «Күлпаш» әңгімесі. Бұл әңгімені тұтас дәуірге қойылған ескерткіш деп есептеуімізге болады. Бұдан басқа да «Аштық құрбаны» тағы басқа әңгімелерінде аталған кезеңнің әйел бейнесінің, болмысының өзгеруіне тигізген әсерін шынайы бейнелеген. Ауыртпалығы мол жылдар қазақ әйелінің мінез-құлқын өзгертті. Құндылықтарын әлсіретті. Мәселен, Күлпаш аштыққа шыдай алмай қырық-елу қарасы бар Жұмағазыға тұрмысқа шығып кетеді. «Жұмағазыға тисем бе, тимесем бе» деген екіұдай ойдың жетегінде жүрген байғұс әйел жетіскенінен байға тұрмысқа шықпайды. Күлпаштың ойын өзгерткен Жұмағазы дастарханындағы бұзылмаған қазы, бұрулі ет емес, баласы мен күйеуінің амандығы да. Ашаршылықтан әлі құрып бара жатқан отбасындағы үшеудің құтқарушысы тек осы Жұмағазы тәрізді. Міне, жиырма күннен кейін қойнына екі жапырақ ет тыққан Күлпаш өз үйіне жанұшыра жүгіріп келеді. Мақтым мен Қалиға сол етті бермекші. Алайда...

«Көзі Мақтымның көзіне түсіп кетті: көзі адырайып, аузы ашылып, тісі ақсып жатыр екен. Бұдан кейін не болғанын өзі де білмей, өліп жатқан байы мен баласын құшақтай құлады...»(Майлин, 2022:141).

Күлпаш та енді тірілердің санатынан емес. Тірі өлікке айналды.

Осы тұста бұл ашаршылықтың тұтас халықтың, әйелдің психологиясына, өзін-өзі бағалауына ұзақ уақытқа әсер етпей қоймасы анық. Ұлтқа әсер еткен ашаршылықтың салдары туралы А.Мұстопова: «... - дәстүрлі өмір салтының күйреуі, дәстүрлі құндылықтардың құнсыздануы, халықтың бостандық сүйгіш рухын және қарсыласуға деген қабілетін басу, өзін-өзі төмендете бағалау, тәуелділікке бейім болуға»(Мұстопова, 2022:201) әкелгенін жазады. Болмысының осындай өзгеріске

ұшыраған халықты отарлау жеңіл болады. А.Мұстояпованың жоғарыдағы пікіріне сүйене отырып, қазақ әйелінің бойындағы отаршылдық қасиеттердің қалыптасуы туралы ой қозғауға болады. Отаршылдықтың отарланған халықтың санасына қалай енетінін, олардың бойында өзін-өзі төмен санау комплексі қалай қалыптасатынына талдау жасауға болады.

Еңбек бақылауы биліктің отаршылдығының тағы бір көрінісі болып табылады. Кеңес Одағының индустрияландыру мен ұжымдастыруға негізделген экономикалық даму жоспарлары болды. Халық жаңа еңбек салалары мен өндірістік тәжірибелерге барынша тартылуы керек еді. Әрбір өңір белгілі бір салаға мамандандырылуы тиіс болды. Бұл туралы қазақ ғалымдары тоталитарлық режимнің қазақ халқын айлакерлікпен техника мен құрал-жабдықтардан алшақ ұстағанын жазады. «Бізді техникадан, ғарыштан, құрылысшы мамандықтарынан шығарды, дипломатиядан аулақ ұстады. Орыстандыру қарқынды жүріп жатса да, саясаткерлер де, статистер де, әскери мамандар да даярланған жоқ. Біздің жер де біздің адамдар да бір рөлді атқаруы керек еді: отаршыл Ресейдің, тоталитарлық режимнің шикізат көзі болып қалу... Тоталитарлық режимнің сөзсіз орындалуын талап ететін тұрақты ұраны: «Қазақ жастары – шопандар!» (Мұстояпова, 2022:197). Бұл жоба өз кезегінде әйелдерді де еңбек ресурсы ретінде пайдалануға негіздеді. Әйелдерді экономикалық мобилизациялау тек экономикалық эмансипациямен ғана емес, сонымен қатар елге жұмыс күші қажет болғанымен де байланысты болды, ал әйелдер осы қажеттілікті қамтамасыз ететін ресурс ретінде қарастырылды. Жұмыс күші тапшылығы байқалған салалар әйелдердің еңбек мобилизациясының негізгі бағыттарын анықтады.

Бұл әсіресе ауыл шаруашылығы басым болған аймақтарда және көшпелі өмір салты сақталған жерлерде үлкен қиындықтар туғызды. Аталған жайттардың барлығы қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларда да көрінісін тапты. Мысалы, қазақ әдебиетінде 1964 жылы жазылған Ғабит Мүсреповтің «Айгүл қойшының бір күні» деген әңгімесі бар. Әңгіменің басты кейіпкері – Айгүл есімді еңбекқор әйел. Жиырма жыл қойшы болған Айгүл дала, қой үнсіздігінің мәнін жазбай танитын күйге жеткен. Шығармадағы оқиғалар ризоматикалық құрылымда дамиды. Өткенге оралу арқылы соғыс жылдары тұңғышынан айырылған Айгүлдің өткені бейнеленеді. Жаңа туған қозыларды қолына алғанда баласынан айырылғаны есіне түсіп, жүрегі ауырады. Мал шаруашылығымен айналысатын адамдар үшін әр кезде қиындықтар туындап тұрады. Бұл шығармада да адамзаттың табиғат алдындағы әлсіздігі көрініс тапқан. Айгүл қойшы осы қиындықтардың бәріне төтеп беріп, болашақтағы мәселелерді де көре біледі. Шығармадағы назар аударатын ең басты ерекшелік - оның билік тарапынан жоғары марапатқа ұсынылуы. Айгүл шопанның жұмысын атқарғанымен, коммунист болған соң КСРО Жоғарғы Кеңесі депутаты болып сайланған. Қойшы қыз шопандықпен қатар, депутаттық міндеттерін де ұмытпайды. Осы тұстағы көп шығармаларда қазақ әйелі қойшы, сауыншы, тракторшы мамандығында көрінеді.

Кеңес кезеңіндегі көркем шығармалардағы әйелдердің көбі – динамикалық өсуді, жетілу үдерісін бастарынан өткізген, коммунистік идеяға жан-тәнімен берілген бір текті бейнелер. Бұдан кеңес дәуіріндегі гендерлік саясаттың біржақты, яғни оның басты мақсаты – әйелдерді қоғамдық, саяси қызметке тарту екенін көреміз.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетіндегі тағы бір айрықша тоқталатын жайт – әдебиеттегі құндылықтар жүйесінің көбіне ер адамдардың көзқарастары негізінде жазылатындығы. Көркем мәтіндегі әйел образдары көп жағдайда өз деңгейінде ашылмай, мұрат-мүддесі көрсетілмей жатады немесе патриархалдық қоғамның шарттарына сәйкес сипатталып, өзгертілді. Бұған әйел жазушылар санының аз болуы да әсер етті. Әрине, қазіргі қазақ әдебиетінде әйелдер прозасы, поэзиясы дамып келе жатыр. Әйелдер прозасы Кеңес Одағы дәуірінде де болды. Бірақ ол кездегі әйел жазушылар

еркек жазушылардың тасасында қалып келгені аян. Қазақ әдебиетінің классиктері Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов деңгейіндегі әйел жазушыны кездестіре алмаймыз.

Жалпы әдебиеттегі әйел бейнесінің сипатталуына тарихи кезеңнің маңызы, әсері зор екенін айтып өттік. Әдебиеттегі әйел немесе ер адам образының сипатталуы ең алғашқы кезекте шығарма сипаттайтын уақытқа, яғни қандай тарихи кезеңде баяндалуына байланысты екені аян. Осы орайда Эдвард Саидтың «Ориентализм» кітабындағы Лорд Керзонның империялық lingua franca жөнінде Кромерге айтқан «империя дегенміз – «амбициялар арқауы» емес, бұл «ең алдымен, ұлы тарихи, саяси және әлеуметтік факт» деген пікірі еске түседі

(Edward W. Said, 1979: 394).

Кеңес Одағы әйелге еркіндік, билік берді дегенмен, соңғы ғасырдағы түрлі тарихи жағдайлар кеңес дәуіріндегі әйел психологиясына да өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Кеңестер Одағында барлық қазақ әйелі еркін, мықты, тәуелсіз болды деп айта алмаймыз. Оған коммунистік партияның қатаң бақылауы қосылды. Қазақ әдебиеті, қазақ әйелі екі идеология тоғысында (дәстүрлі және кеңестік) қалды. Алайда осындай өмір салтында да қазақ әйелі өзіне ғана тән қасиеттерді: дәстүрге адалдығын, намыстылығын, әдептілігін т.б. сақтап қалды. Бұл жайт қазақ кеңес әдебиетіндегі әйел образдарында да өз көрінісін тапты.

Кеңестік қазақ әдебиетіндегі әйел образы туралы айтқанда тағы бір мынандай мәселеге тоқталу кету керек. Өткен ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі жазушылардың көбінің ер адамдар болуы әдебиеттегі әйелдер бейнесінің біржақты сипатталуына ықпалын тигізді. Жоғарыдағы айтылған стереотиптердің қалыптасуына да осы жағдай әсер етуі мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Жалпы әдебиет тарихында әйелдер образының түрлі бейнеленуіне көбінесе автордың жеке тәжірибесі немесе әйелдердің қоғамдағы стереотипі мен олардың ұстанымы әсер етеді. Ер адамдар жазатын шығармаларда, әйел образы үнемі ана, бауыр, ошақ анасы, отбасы қамқоршысы болып суреттелетінін атап өткен жөн. Әйел образы мен тағдыры көбінесе балалы-шағалы болумен аяқталса, еркектер жазған шығармаларда ол тұрмыс құрып, өзін құрбан етеді. Ал ер адам өзінің жеке дамуын жалғастырады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда жоғарыда баяндап кеткен қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи-әлеуметтік өзгерістердің барлығы қазіргі қазақ әйелінің өмірдегі де, әдебиеттегі де болмысын өзгертті, қалыптастырды деуге толық негіз бар. Оған ең негізгі себеп болған отаршыл кеңестік саясаттың қазақ әйелі болмысына мәдени, экономикалық, тілдік тұрғыдан тигізген ықпалы деуге болады. Осы айтылған факторлар нәтижесі тілдің, діннің, әлеуметтік нормалардың өзгеруіне алып келді. Оған қосымша Қазақстанның Еуразия кіндігінде орналасуы қазақ әйеліне Шығыс пен Батыс дәстүрлерін бойына қатар сіңіруіне де өз ықпалын тигізді. Кез-келген ұлттың әйелдерінің қалыптасқан портреті болады десек, қазақ әйелінің портреті қандай деген сұрақ туындайды. Бүгінгі қазақ әйелінің өмірдегі де әдебиеттегі де бейнесін былай сипаттауға болады. Оның басты сипаты – халық дәстүріне адал, намысты, сыпайы, әдепті, білімді, талапты қазақ қызы. Қазіргі қазақ қызы туған халқының мәдениетімен қатар әлем мәдениетін меңгерген, білікті, әлеуметтік ортаға бейімді, қоғамдық өмірде белсенді. Бұл – заман талабы.

### **КАУНАҚСА**

Татыбекова Ж.,(1975). *Великий Октябрь и женщины Киргизстана*. Фрунзе: Кыргызстан. Градскова Е., (2013). *Свобода как принуждение? Советское наступление на «закрепощение женщины» и наследие империи (середина 1920 — начало 1930-х гг., Волго-Уральский регион)* // *Ab Imperio*. Vol. 4.

- Adams L., (2008). *Can We Apply a Postcolonial Theory to Central Asia?* // Central Eurasia Studies Review. Vol. 7. No. 1.
- Щурко Т., (2016). «Женщины Востока»: советский гендерный порядок в Центральной Азии между колонизацией и эмансипацией. Бишкек.
- Мұстояпова А., (2022). *Бұғауды бұзған қазақ даласы*. Алматы: AmalBooks.
- Edward W. Said., (1979). *Orientalism*. Vintage Books Edition, New York.
- Майлин Б.(2022) *Күлпәш*. Qazakhstan, Qasym baspasy.

